

Болат ҚОРҒАНБЕКОВ

ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕНДЕРІ ЖӘНЕ РУХАНИ ІЛІМ

Казахские ораторы в своих универсальных общественных функциях играли роль народного судьи. Тем самым эти мудрецы не опирались законоам шариата и другим конституционным основам. Они делали выводы сугубо интуитивно. Этому служило их духовное озарение, потому, что были представителями духовного учения.

Kazak hakemler ve söz ustaları problemleri meselelerde çözmede her zaman ruhani ilime yani hal ilimine başvurmuştur. Kazak toplumu ve onlara geştiçteki babalar insanlı akıl kanunlarıyla netice verecek çözümlere durmamıştır. Onlara hepsi ruhani ilim yani elili tasavvuf olmuştur.

Бұрынғы қазақ қоғамында жеке адамдар арасындағы дау-дамайдан бастағ, ірі руаралық тартыстарға дейінгі түйінді мәселелерді би-шешендер шешіп отырган. Олардың шешімі әрдайым халықтың қонілінен шыға білген. Осы орайда, қазақ қауымын тәнті еткен қазақ билері қандай заңға арқа сүйеп еді деген орынды сұрақ туындары шындық. Бұл кезде өздерін мұсылманбыз деп есептейтін елдердің дені шаригат заңдарын баспылыққа алатын еді. Осыдан келіп, қазақ билерінің шаригатқа қатысы қандай болған еді деген тағы бір сауал туындаиды. Бұл сауалға жауап беру үшін, қазіргі кездегі көшілік түсінігінде әр түрлі мағыналық реңк алыш кеткен «шаригат» ұғымына біршама тоқталу қажет.

«Шаригат» ұғымы кейінгі замандарда қарапайым халық арасында басташқы мәнінен біршама біршама ауытқыды. Әуел баста рухани кемелденудің басташқы басқышы, соның алғы шарттары ретінде ретінде ұғынылған шаригат кейін келе қоғамдық қатынастарға қатысты діни заң сипатына көшті. Ол тіпті бергі замандарда «фихқ» ұғымымен де астасып кетті. Фихқ туралы анықтамалық әдебиетте: «**Фикх – фикх** (арабша) – Құран мен суннаның және оларды мұсылмандық қоғамның күнделікті тәжірибесінде қолдану принциптері негізінде жасалған мұсылмандық правоның теориясы. Ф. (фикх – Б.Қ.) заңдарды түсіндірумен айналысады және бұл термин кейде барлық діни тәргілтердің немесе жалпы мұсылмандық теологияның жиынтығы ретінде қолданылады. Сондай-ақ Ф. мұсылманның дұрыс өмір жолын көрсететін шаригатты негіздеу мен түсінудің теориялық негізі ретінде де айтылады; сондықтан шаригат пен Ф. бірін-бірі алмастыра береді» [1], – деп берілген.

Қазақ қоғамы ислам дінін Қожа Ахмет Ясауи үйреткен хал ілімі негізінде қабылдағандықтан, шаригатты осы ілім аясында қарастырган жән. Ясаудің өзі ислам ілімдерін қал және хал деп екіге бөлгені оның хикметтерінен белгілі. Осы жолдың көрнекті өкілдерінің бірі Мәшіһұр-Жусіп Көшпейұлы қал ілімінің атауы арабтың «қала», яғни «айту» дегенінен шыққан, ол – тілмен жеткізуге болатын ілім, ал хал ілімі – Жаратушыдан келетін, тілмен жеткізу мүмкін емес, рухани ілім деп түсіндіреді [2]. Ясауи жолында

қалғылымы басты ілім болыш саналатын халге жетудің алышарты болса, «фих» мәніндегі шаригат заңдарының жалпы көшпілік үшін халден гөрі қалғылымына қатысы көбірек екенін сезіну қын емес: өйткені оның көп қағидаларын тілмен айтып жеткізудің мүмкіндіктері мол. Дегенмен сопы үшін шаригат – хал іліміндегі рухани кемелденудің алғашқы сатысы болыш қала бермек: өйткені ол өзінің тұспі негізін сөзбен айтуда келмейтін хал ілімінен алады. Мұндай рухани ілімге сүйеніп шығарылған діни заңдарды қазактардың «ақ шаригат» деп атағаны халық шығармаларынан аңғарылып тұрады. Кезінде С.Сейфуллин осыған қатысты мынадай ой айтқан еді: «Ал би мен батыр таразының екі жақ басына тұскенде, биді дәріптейтін болған:

Батыр деген барап ит,
Екінші бірі табады.
Би деген ақ шаригат,
Ітуден біреу шығады... –

деген мәтел мен «...елге бай – құт емес, би – құт», – деген мәтел елге жайылған» [3]. Ал жүрек тазалыған мәңгермеген жандардың шаригатшылдықта бой алдыруы – доктрапылдықта ұласатынын, тіпті ол заңдарды бұрмалауға себеп болатынын байқау қын емес. Бұл туралы ақиқатты Байдалы бидің Айғанымға айтты дейтін мына сөзінен көре аламыз:

Бағзы-бағзы шаригат бар,
Тек шатақ үшін таралған.
Алуан-алуан молда бар,
Тек алу үшін жаралған.
Олар «ал» дегенді өлтіріп,
«Бер» дегенді ғана қалдырған [4].

Осыдан түйетініміз, заң сипатындағы шаригатты қара қылды қақ жарғандай әділліктікпен жүргізуге жүрек тазалығына жеткен жанның ғана шамасы келеді. Шернияз ақынның Байсақал биге айтқан:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудың түбінде болар саясы.
Шаригатты білмеген
Көкірегіңнің қарасы [4,34], –

деген сөзінде осы шындықтың ізі бар.

Осы жерде Қожа Ахмет Ясауи қолданған «шаригат» ұғымы мен «фих» ұғымымен астасып кеткен шаригат жөніндегі кейінгі замандарда пайда болған түсініктің елеулі айырмашылығы барын аңғарамыз. Қожа Ахмет Ясауи:

Тариқатқа шаригатсыз кіргендердің,
Шайтан келіп иманын алады екен [5];

Шаригатни шарайтін билған ғашық,
Тариқатни мақамини билур, достлар [6];

Б.Қорғанбеков. Қазақ би-шепендері және рухани ілім.

Шаригатни салахини кимагунча,
Тариқатни бурақыға минмагунча,
Жазаб жунин ғаламиға бармагунча,
Хақиқатни майданиға кирса болмас [6,189];

Ути ғумириим шаригатқа иеталмадим,
Шаригатсиз тариқатқа уталмадим [6,183], –

дегенде, бұл ұғымды Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистеріндегі мәнгө сай қолданған. Шәкірті Мұхаммед Зарнуки (Данышманұ) арқылы жеткен Қожа Ахмет Ясаудің «Мират-ул Қулуғ» еңбегінде: «Хз. Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде былай дейді: «Шаригат – сөздерім, тариқат – істерім, ал хақиқат – хәлдерім». Яғни, шаригат мениң сөйлеген сөздерім, тариқат істеген істерім. (Бұл жерде) Хз. Пайғамбарымыз, шаригат – сөйлеген сөздерім десе, тариқатқа келгенде тек сөйлегендерім деumen шектелген жоқ, (оган қоса) істеген істерім деді» [7], – деген болатын. Жоғарыда айтқанымыздай, Қожа Ахмет Ясаудің «шаригат» сөзін хадистердегі мағынасына сай қолданған, яғни Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың айтқандарын орындап болмай, оның істегендерін істеймін деушілердің адасатының көрсеткен. Ал кейір зерттеушілер Ясаудің шаригатқа қатысты жоғарыдағы сөздерін «фихқ» ұғымымен астасқан мәнде, яки кейінгі ғасырларда қалыштаса бастаған мағынада қабылдағы, бұл – Ясаудің сыртқы құлшылықтарды өтеп болмайынша, тариқат жолына кіруге болмайды дегені деп түсіндіргісі келеді. Осы көзқарастың қате екені жоғарыда айтылғандардан белгілі болды. Дегенмен нақтылай кетейік: Ясаудің шаригат – хал-хикмет ілімінің бір саласы, рухани кемелденудің алғашқы сатысы болса, әлгіндей шікір айтупы кейінгі зерттеушілер оны қалғының құрамдас бөлігіндегі ұғынған. Бұрынғы сопылар да, Ясаудің шаригатты хикмет ілімінің бастапқы сатысы деп санағанын ясауитанушы Д.Кенжетай келтірген мәлімет пен ол туралы мына шікірінен селе аламыз: «Сопылық дүниетанымда «хикмет» ұғымын түрғыш рет Харауди қолданған болатын. Ол хикметтің үш сатысын аныпташып көрсеткен. Хикметтің бірінші сатысы қандай да бір құбылысты немесе істі тану; екінші сатысы сипаттау, оны образдық-символдық анықтамалар арқылы жеткізу; үшінші сатысы – жүзеге асыру немесе орындау. Кейіннен Кашани осы анықтамалар негізінде хикметті «тілмен жеткізуге болатын» және «тілмен жеткізуге болмайтын» деп екіге бөліп, біріншісін – «шаригат» һәм «тариқат», екіншісін – «хақиқат сырлары» деген болатын. Яғни сопылардың түсінігінде хикмет – рационалдық ойлау арқылы игерілетін ғылым емес, тікелей қалбеке (жүрек, көңіл) берілетін, жүрекшен сезінетін (батини-ладуни) ілім» [8].

Жаратушыдан келетін хал-хикмет ілімін меңгеруді ниет еткен ізденүспі үшін «фихқ» мәніндегі шаригат ілімдерінің маңызы алдыңғы орында тұрмасы белгілі. Қазақ қоғамы және олардың арғы бабалары сақтар, ғұндар мен көк түріктер адам ақылының жемісі болып табылатын діни заңдар

шығарыш және өздерін сол заңдардың тұтқынында қалдырыш отырмaghan. Олар жүрек көзін апқан әулиелер Жаратушыдан тікелей алады деп есептейтін рухани ілімді ғана міссе тұтқан. Әрине бұл – көшшелілер қоғамының әрбір мүшесі жүрек көзі ашылған әулие болды деген сөз емес. Бірақ бүкіл қоғам әулиелерді жазбай таңып, менмендікке салынбай, солардың айтқандарын ақиқат ретінде қабылдац, шексіз бағыну нәтижесінде олардың бәрі рухани ілім көрсеткен заңдылықтармен жүріш-тұрды деп санауга болады. Би-шешендердің бәрі дерлік рухани ілімнің өкілдері болды. Олардың көшшілгін халық әулие деп есептеді. Бұған мысал ретінде Төле бидің нысысы «Қарлығаш әулие», ал Бұқар жыраудың лақабы «Көмекей әулие» болғанын айтсақ та жеткілікті. Ақиқат жолды іздец, хақ жолына түспеген адамның қара қылды қақ жарып әділ билик беруі, отырықшы елдердің философтары тудыра алмаған терең ғибратты ойларды тұтқында тауыш айтуы мүмкін де емес. Хал ілімінен ажырап қалудың салдарынан, кейінгі ғасырдағы қазақ қоғамында билерше ой түйетін, билерше шебер сөз өретін адамдар жоққа тән болыш қалды. Көненің көзін көрген көрнекті жазупшымыз С.Мұқановтың: «Қазақта шаригаттан тариқат басым болған. Бұл заңды қолданушылар билер» [9], – деуінде кеп мән бар. Әрине Сәбең заман шындығына орай бұл ойын одан әрі ашып айта алмаған. Қаз дауысты Қазыбек би дүниеден өткен кездегі қызы Маңқаның жоқтауының:

Қазаққа деп заң жасац,
Қазыбектің қасқа жолы –
Арында мирас қалғаны,
Шаригат айтқан жол емес,
Законың тағы қол емес.
Дуалы ауыз айтқан соң,
Қазаққа бір жол салғаны [10] –

(курсив біздікі – Б.Қ.) деген жолдарында да қазақ билерінің рухани ілімді үлгі тұтқаны көрініп тұр. Хал ілімін баспылыққа алған билердің мұндай рухани дәрежеге жетпей жатыш шаригат тұтқыныңда қалған молдалармен діни мәселе де үнемі қайшылықта болғанынан ел аузындағы әңгімелер куәлік береді. Бұған Төле би мен молданың [10, 67], Байдалы би мен Таумұрын молданың [4, 22-24] тартысын мысал етсек те жеткілікті.

Қазақтардың және олардың арғы бабаларының Құдай заңы болыш саналатын табиғат заңдарын жоғары бағалағанын әр дәүірлерде хатқа түсіп қалған көне әңгімелерден көруге болады. Мәселең, Анахарис туралы хикаялардан осыны байқаймыз. Сондай әңгімелердің бірі былай баяндалады: «Крез шатпа данышшандарды қабылдац, байлығы мен салтанатын көрсетіп болған соң, әңгіме бастайды. Анахаристің таңым деңгейін, білім дәрежесін байқамақ ниетпен сөз арасында оған сұрақ қойып отырады. Бірде шатпа: «Жан біткеннің қайсарын кім деп ойлайсың?» - деп қалады. Сонда Анахарис: «Жан біткеннің қайсары – тұз тағысы (бұл жерде данышшан бөріні айтқан деп есептейміз – Б.Қ.), өйткені олар бас бостандығы үшін

Б.Қорғанбеков. Қазақ би-шешендері және рухани ілім.

қайыспай жан қияды» – деп жауап береді. Әңгіме желісін одан әрі қарай созып: «Жан біткеннің әділеттісі кім болады?» – деген патшаға скиф ойшылы тағы да дала тағысының қасиеттерін негізге алыш тіл қатады: «Жан біткеннің әділеттісі – дала тағысы, өйткені олар заңға табынбайды, табиғат талабынғана мойындаиды. Табиғатты құдай жаратқан, ал заң адам ақыл-ойының туындысы. Адам орнатқан заң тәргіштеріне табынғаннан құдай жаратқан табиғат талаптарын мойындаған әлдеқайда әділетті, патшам».

Тәрбиеңі де, оргасы да, ойлау жүйесі де басқа Крез патша Анахарсистің сезін іштей місі тұттай: «Данышшандардың данышшаны да сол сепің тұз тағың болыш жүрмесін?!» деп, сұрағына әжұа, мысқыл арапастырады. Патшаның көңілінде қандай құйын көтеріле бастағанына қарамастан, Анахарсис өз ойын қалауышта сабакташ, өз шындығын айтады: «Иә, дәл солай. Өйткені табиғаттың, құдайдың заңын адамдардың заңынан жоғары санау – данышшандықтың басты белгісі» [11]. Көне түркілер де елді рухани ілімді терең меңгеріш, тікелей Жаратушы әмірімен ғана жүріп-тұратын халге жеткен адамдар ғана басқаруы керек деген түсініктеге болған және ұлы қағандар да, көбіне, сол талап деңгейінен көріне білген. «Күлтегін» «Білге қаған» ескерткіштерін жазған Иоллығ-тегіннің: «[Түрік халқы] жойылып бара жатты. [Сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірі, Түріктің киелі Жері, Суыбылай депті: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын» - деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» [12]; «Түрік халқының атақ-даңқы өппесін деп, Әкем қағанды, Анам қатынды көтерген Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түрік халқының атақ-даңқы өппесін деп Тәңірі өзімді қаған [тағына] отырғызды» [12, 172]; «Түрік халқын Тәңірі ел етіп бергендейгін мұнда (тасқа) бастым (...); [12, 17], – деген сияқты сөздері осы ақиқаттың айғағы. Ал Күлтегіннің: «Үрім-бұтағымызбен ел билеу, ел бастау үшін жаралғанбыз, басынды біріктіріп, ел ететін – біз, елді жосықтан, тұтқыннан құтқарған бізбіз» [13] – дегені де осымен өрелеседі. Рухани еркіндікті мұрат тұтқан көшшелелер қоғамында бұл дәстүрді Қожа Ахмет Ясауи өзі таратқан хал ілімі арқылы одан әрі тереңдете түсті. «Қазақ» сезінің бір мағынасы – «еркін халық» болуы да осы жағдайлардан туғаны көміл. Соңдай-ақ көне түркілер мен қазақтардың еркіндіктің, рухани тәуелсіздіктің символы болған көк бөріні кие тұтуы да айтылған шындықтардың белгісі деуге лайық.

Лас сезімдерден тазарған жүректің айқын қалауы ретінде көрінетін Жаратушы бұйрығын басшылықта алған әулиелердің жасаған бітімдері мен шешімдеріне қалтқысыз сенген қазақ қоғамы ислам діні келгеннен кейін де, адам ақылының жемісі – шарифат қағидаларын мемлекеттік заң ретінде қабылдаған жоқ. Бұның айқын мысалын Абайдың жас кезінде басынан өткізген мына мысалдан аңғара аламыз: «Абай бірде Үшқара деген жердегі Қонтай-Тонтайдың аулына, яки нағашыларына барыш қайтқысы келетінін әкесі Құнанбайға айтса керек. Құнанбай соңда: «Барғаныңа қарсылығым жоқ. Есіце салыш, өзіце айтарым: сөйлер сөз, айтар ойыңның аңсын аңдып,

толғана, ойланған сөйлөгейсің. Менің қайын жұртым, сенің нағашың сол Қаракесек ішпіндегі Шаштар болады. Шетінен шешен, қапияда сез тауыш, сөзуар келетін жандар», – депті.

Абай әке айтқаның жадында сақтағанымен, кейде сөті келіп қалғанда: «Ұтымды жерде айтпаса, сез атасы өлетінің» қалыс қалдыра алмапты. Бірде нағашысы Тонтай екінші намазын абың-күбің оқыш, тез-тез асығыс бітіргені, әрі діни қағиданы бұзыш, аяттарды шатастырыш, шала-шарпы оқығаны Абайға өрескел көрінеді. Абай:

– Нагашы, білген кісіге намаз шаригатын бұзыш, төте тартуға да болады еken-ay? – деп мысқыл сауал қояды. Тонтай:

– Ия, балам, бұл сұрауың өте орынды. Эрі сенің бұл айтқаның Имам шағиғының тар жолына жатады. Бірақ біз шір тұтатын Имам ағзамының жолы біреу-ақ: яғни әлем қандай кең болса, оның шаригаты да сондай кең. Анаумынау ұсақ-түйек қателіктегі кепшірле береді. Өйткені ол қағида «аттың жалы», «түйенің қомы», «садақтың оғы» сияқты қатал, қатыгез емес, – депті. Құнанбай:

– Я, бұл жұмбақ сезді қалай түсіндің? – деп ызғарланған еken. Абай:

– Шешімін әділдікпен тура айтсам, «Аттың жалы» дегені – Еңлік-Кебекті атқа сүйретіш өлтірген Кенгіrbай бидің билігі. «Түйенің қомы» дегені – Қодарды келінімен түйеге теңдең өлтірткен билердің үкімі. «Садақтың оғы» деген әкіне айтқаны – Қалқаман-Мамырды садақпен тартқан Көкенайдың қаталдығы дег түсіндім. Бұл сездер тобықты еліне таңба бол basылғандай сезіндім, бармағымды тістей-тістей аттандым, – депті» [14]. Егде тартқан шағында жүректі тазалау ілімін, оның мәнін терен түсінген Абай адамның даналыққа жетіш Жартушыны тануда ақылдан жүректің жоғары тұратынын үнемі ескертіш отырды. «Алла деген сез жеңіл» дег басталатын өлеңі толығымен осы көзқарасты танытады.

Алла деген сез жеңіл,
Аллаға ауыз кол емес.
Бінталы жүрек, шың көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағришқа тілім қысқа ах!
Барлығына шубәсіз,
Неге мәужүт ол куә.

Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.

Б.Қорғанбеков. Қазақ би-шешендері және рухани ілім.

Мұтәкәллимін, мантиқин

Бекер босқа езедүр [15], –

деп, Жаратушыны жүректің тазалығы арқылы ғана тану мүмкін екенін, Оны философиялық жолмен тауға болады дейтін мұтәкәллиміндер мен мантиқиндардың адасып жүргенін көрсетеді. Сондай-ақ қара сөздерінде: «Біз алла тағалаңы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл хикметіне ешбір ҳакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» [15, 127]; «Асықтық та жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсө, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» [15, 102], – деген ойларды айтқан. Он жетінші қара сөзінде тәмсіл арқылы ақыл мен қайраттың жүрекке бағынуы керектігін білдіреді. Абай адамның жеке басының кемелдікке жетуі мен бақытқа кенелуі ғана емес, бүкіл халықтың тату-тәтті тіршілік кешіп, гармонияда өмір сүруі де жүректің тазаруына, сөйтіп, ондағы хикмет «қазыналары» қажетке жарата алуына тәуелді екенін көрсеткен:

Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы,

Теңіздің түбіндей-ақ қараң бақшы.

Сол жүректен жылылық, достық пenen

Бұлакқша ағыш ғаламға тарамақшы [15, 49].

Қазақ билері барлық шешімді тазарған жүректің өмірімен шыгарып отырған. Келелі, түйінді мәселелерді шешуге рухани ілім иелерінің барлығы да қатысып отырған. Тек би-шешендер ғана емес, жүрек ілімін үйретуші шірлердің де билік айтқан кездері аз болмаған. Бұған Бекет ата Мырзагұлұлының билік айтудын мысал етуге болады. Бекет атанаң биліктегі болашақты болжаумен де астасып жатады [16].

Сонау Анахарсистен бастап, Абайға, Шәкәрім мен Мәшіһүр Жүсішке дейінгі дала ғұламалары жүрек тазалығы арқылы мәңгеретін хикмет ілімдерін барлық істе басшылыққа алды. Адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынастан бастап, ірі әлеуметтік мәселелерге дейін хал-хикмет ілімдерінен бастау алған әдет, ғұрып, салт нормалары қалыптастырылды. Әрине олар хикмет ілімін мәңгерген жаңдарды құрметтеу мен солардың көрсеткен жолын басшылыққа алушен жүзеге асты. Сондықтан да қазақ ұлтының уақыт пен көңістіктік түрғыда қарағанды салттық, ғұрыштық, тілдік айырмашылығы болмады. Мұны бәзір ғалымдар көшшелі тіршілікпен ғана байланыстырады. Әрине оны да жоққа шыгаруға болмас. Бірақ соңғы ғасырларда әр түрлі мемлекеттердің құрамында болыш, бір-бірінен саяси, мәдени және экономикалық байланысы үзілген қазақ диаспораларының да дүниетанымдық, тұрмыстық, тілдік бірлігінің сақталуы көшшелі тіршілікке қатыссыз екені анық. Демек бұл тұтастықтың негізі қазактар тұтынған рухани ілімде жатыр деп айта аламыз.

Ауыз әдебиеті жетекші орынға шыққан қоғамда ел билеген көсемдердің көрегендігі үлгі болатын заңдылық бар. Бұл туралы Ю.Лотман

былай дейді: «Осы арада тағы да бір ескерер жәйт – егерде жазба мәдениет өткендеңігे бағышталса, ауызша мәдениеттің бағыт-бағдары – болашақ. Сондықтан да соңғысында болжаудың, көріпкелдіктің, әулиеліктиң атқарар ролі ерекше» [17]. Қазақ арасынан шықкан болашақты болжагыш би, шешен, дана, әулиелердің барлығы, С.Мұқанов айтқандай, тариқаттың, дәлірек айтқанда, Ясави тариқатының екілдері болды. Олардың барлығы шыгарма мәніндегі Ясави хикметтерін үздіксіз оқу, жаттау арқылы ілім ретіндегі хикметке қол жеткізген. Ал хикмет ілімі олардың болашақта не болатының көрсетіш кеткен және кейінгі үрпақтың адаспауы үшін қалдырган шешендік болжака сөз, ақыл-нақыл, өсиет, насихат термелері мен нақыл сөздерін тудыруға себеп болды.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ислам: Қысқаша анықтамалық (Ауд. К.Тұтыбаев, О.Жолдыбаев, Е.Естаев). Алматы: Қазақстан, 1988, 130 б.
2. *Мәшіүр-Жүсіп Көпееев Шығармалары*. 9 т. Павлодар: 2006, 327 б.
3. *Сейфуллин С.Шығармалар*. 6 т. Алматы: ҚМКӘБ, 1964, 265 б.
4. *Шешендік сөздер* (құраст. алғысөзі мен түсініктерін жазған Б.Адамбаев). Алматы: Отау, 1992, 23 б.
5. *Зейбек Н.К. Қожа Ахмет Йасави жолы және таңдамалы хикметтер* (аударған Д.К.Тұрынбайұлы). Анкара: Бойут-Тан, 2003, 70 б.
6. *Йасави Қожа Ахмет*. Диуани хикмет (Данаңық кітабы). Жинақты баспаға өзірлең, қазақшага аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи. Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 189 б.
7. *Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасави*. Қөнілдів айнасы (Мират-ул кулюб). Дағындаған: Досай Қенжетай Тұрынбайұлы. Анкара: Билиг, 2000, 15-16 б.
8. *Кенжетай Ә. Қожа Ахмет Йасави*. Құнанбайұлы. Түркістан, Тұран, 2004, 163-164 б.
9. *Мұқанов С.* Таңдамалы шығармалар: 16 томдық. Т. 15 Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Әдеби портреттер. Алматы: Жазушы, 1979, 62 б.
10. *Төреқұлов Н., Қазбеков М.* Қазақтың би-шешендері. 1, 2 кітап. Алматы: Жалын, 1993, 124 б.
11. *Дәдебаев Ж.* Атындан айналайын Өүлие ата: тарихи-филологиялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 1998, 113-114 б.
12. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Қоғам дәүірдегі әдеби ескерткіштер (құраст. Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы). 1 т. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007, 170-171 б.
13. *Әміров Р., Әмірова Ж.* Қоғам дәүірдегі әдеби ескерткіштері. Алматы: Рауан, 1995, 44 б.
14. Абай әзілдері (құрастырылғандар: С.Қорабаев, А.Бисенғалиева). Алматы: Фылым, 1995, 9-10 б.
15. *Құнанбайұлы А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Алматы: Жазушы, 2002, 13-14 б.
16. Бекет Ата (имандылық-тағылым кітабы). Ақтөбе: Насихат, 31-33 б.
17. *Лотман Ю.* Мәдениеттер типологиясы//Әлем. Альманах. Алматы: Жазушы, 1991, 245 б.

REZUME

B.KORGANBEKOV (Shimkent)
KAZAKH ORATORS AND SPIRITUAL SCIENCE (HAL)

Kazakh orators were used spiritual science (the hal) for choosing the problems in society. Kazakh society and their forefathers not used rules of mind in their problems. All of them were the under the spiritual science (the hal).